

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Паталогиялық анатомия кафедрасы

**ТАҚЫРЫБЫ: ӨЛІМ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ
ӨЛІМНЕН KEЙІНГІ ӨЗГЕРІСТЕР**

Орындаған: Баянқұл М.Ә

203-Топ

Тексерген: Стабаева Л.М

Қарағанды 2012

ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе
- Өлу процесі
- Өлім түрлері
- Өлімнің алғашқы белгілері
 - *Өліктің сууы*
 - *Өліктің сіресіп қалуы*
 - *Өліктің кебуі*
 - *Қанның қайта бөлінуі.*
 - *Өлік дақтары*
- Өлімнің кейінгі белгілері
 - *Аутолиз процесі*
 - *Өліктің шіруі*


КІРІСПЕ

- Өлу заңдылықтарын, оның себептерін және өлімнен кейінгі өзгерістерді зерттейтін ілімді **ТАНАТОЛОГИЯ** деп атайды.
- Әр түрлі зерттеулер арқылы кейбір ағзалардың, тканьдердің өз тіршілігін организм өлгеннен кейін дебіраз уақытқа дейін сақтай алатындығы анықталған.
- Осыған байланысты өлген ағза тканьдерін трансплантация үшін пайдалану мүмкіншілігі туды.

РЕАНИМАЦИЯ



ӨЛУ ПРОЦЕСІ






- Өлімнің әрбір сатысының ұзақтық мерзімі әр түрлі.
- **Агония** бірнеше минуттан, бірнеше сағатқа немесе тәулікке созылуы мүмкін.
- **Клиникалық өлім** 5-6 минуттан соң биологиялық өлімге өтеді. Бұл кезде Орталық нерв жүйесінде, кейінірек басқа ағзаларда, қайтымсыз өзгерістер дамиды. Осы кезден бастап қана организмді өлік деп қана атауға болады.




- **Табиғи өлім** адам әбден қартайып, ағза қызметтерінің бірте-бірте әлсіреп барып тоқтауымен, тозуымен байланысты. Адам өлімінің ұзақтығы ғалымдардың болжауы бойынша 160-180 жас.
- **Зорлық-зомбылық** нәтижесіндегі өлімді сот медицинасы зерттейді.
- **Аурулар салдарынан** өлу себептерін негізінен патологоанатомдар тексереді.
- Организмді дәрігерлер клиника жағдайында бақылап, оларды өлімнен алып қалу үшін реанимация (лат- reanimatio- қайта тірілту) шараларын кеңінен қолданады.
- Биологиялық өлінен кейін біршама уақыттан соң өлімнің морфологиялық белгілері және өлімнен кейінгі өзгерістер дамиды. Өлікті клиникада кемінде 2 сағат сақтап, өлімнің алғашқы белгілері байқалғанда ғана патологиялық анатомия бөлімдеріне көшіреді.

ӨЛІМНІҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ



- ▣ **Өліктің сууы** өлгеннен соң организмдегі зат алмасу процесінің тоқтауына байланысты. Дене жылуы бірте-бірте азайып, айналадағы температурадан 0,5-1С төменірек дәрежеге дейін түседі. Бірақ кейбір ауруларда (сіреспе, сепсис, бөртпелі сүзек) өлім температурасы бірнеше сағатқа дейін бұрынғыдан да жоғары болуы мүмкін.
- ▣ **Өліктің сіресіп қалуы** дене бұлшықеттерінің қатайып, тартылып қалуына байланысты. Бұл өзгерістердің негізінде биохимиялық процестер жатады. Өлгеннен соң АҰФ-тың бір бөлігі бұлшықеттен бөлініп шығып, олардың 2-4 сағат бойында босап қалуына себеп болады. АҰФ-тың бірте-бірте жойылуна байланысты және сол жерде сүт қышқылының, кальцийдің жиналып қалу себебінен бұлшықетер қайтадан тартылып , сіресіп қалады.

ӨЛІМ



- ▣ **Өліктің кебуі** - өлгеннен кейін денедегі сұйықтардың құрғап және буланып кетуінің нәтижесі. Бұл процесс өлгеннен соң бірнеше сағаттан кейін басталып, терінің шырышты қабықтардың кеуіп қалуына алып келеді.
- ▣ **Қанның қайта бөлінуі.** Өлгеннен соң артерия қан тамырының қысқаруы нәтижесінде қан вена тамырларына өтеді және өзінің салмағына байланысты дененің төменде жайғасқан бөліктеріне жинала бастайды. Жүректегі және ірі веналардағы қан ұйып қалады.
- ▣ **Өлік дақтары** өлгеннен соң 2-4 сағаттан кейін пайда болады. Олар өліктің төменгі бөліктерінде көкала-қызыл немесе қоңыр-күлгін түсте көрінеді.

ӨЛІМНІҢ КЕЙІНГІ БЕЛГІЛЕРІ

- ▣ **Аутолиз процесі** гидролиздеуші ферменттердің белсенділігінің күшеюімен байланысты Ұйқы безінде, бүйрек үсті безінде, бауырда аутолиз процесі басқа ағзаларға қарағанда күштірек көрінеді.
- ▣ **Өліктің шіруі** аутолиз процестерінің күшеюімен және оған шірітуші бактериялардың әсерінің қосылуымен түсіндіріледі. Шіріту процесінің жылдамдығы қоршаған орта температурасына байланысты. Үй температурасында (18-20 С) шірудің бірінші белгілері 2-3-ші күні-ақ көріне бастайды. Өлгеннен соң шірітуші бактериялар өте тез көбейіп, өздерінен гидролиздеуші ферменттерді бөліп шығарады., нәтижеде органикалық заттардың бәрі ыдырай бастайды.
- ▣ Сонымен қатар тканьдерде өте жағымсыз иіс пайда болып, олар сарғыш-жасыл түске кіреді. Бұл өзгерістер шіріген тканьдерде күкіртсутегі және басқа газдардың пайда болуына байланысты. Күкіртті сутек гемолизге ұшыраған эритроциттермен қосылып темір сульфатын түзеді. Тканьдер осы химиялық зат әсерінде қара-қошқыл, жасыл реңге боялады. Газ түзуші бактериялар өте көбейіп кеткенде газ бүкіл денеге тарап, өлік **эмфиземасы** пайда болады.
- ▣ Бірте-бірте организмдегі барлық органикалық заттар іріп-шіріп жойылып, тек сүйектердің бейорганикалық заттары ғана ұзақ мерзімге сақталады.